

Астана қаласында "Ақ Орда" опера және балет театрын ашу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қаңтардағы N 114 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 ақпандағы № 43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.02.2014 № 43 қаулысымен.

Астана қаласын елдің саяси және мәдени астанасы ретінде одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласының әкіміне:

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің қатысуымен 2000 жылы Астана қаласында қазыналық мемлекеттік мекеме - "Ақ Орда" опера және балет театрын (бұдан әрі - Театр) құру ;

Театрдың қызметкерлерін басымдықты тәртіппен тұрғын Үймен қамтамасыз ету ұсынылсын .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.05. N 507 қаулысымен . Р 0 0 0 5 0 7 _

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2000 жылдың 10 маусымына Теміржолшылардың мәдениет сарайын қайта жаңартуды аяқтасын және аяқталғаннан кейін заңдарда белгіленген тәртіппен онда Театрды орналастыру үшін Астана қаласы әкімінің балансына беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Театрдың шығармашылық ұжымын, репертуарын қалыптастыруға ноталық материалдарын, аспаптарын сатып алуға жәрдемдессін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Астана қаласының әкімімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен 2001 жылы Театрды коммуналдық меншіктен республикалық меншікке беруді;/

Театрды 2001 жылы республикалық бюджеттен қаржыландыруды қамтамасыз етсін .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

